ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21-шілде Іс №1513-23-00-2/1463 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы С.Бектибаева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Серик Куанышевич Шалабаев («Alash GROUP»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі С.И.Далабаев
жауапкердің өкілі С.К.Шалабаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 3 мамырында №136 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 318 000 теңгеге кеңселік қағаз А4 формат 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерзімі қоса есептегенде 2023 жылдың 18 мамырына дейін болып табылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылдың 19 мамырында төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызымен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 6 678 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қою арызымен келісетінін айтты.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72 бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 28.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.08.2023, судья Жусупов А. М., 07.09.2023
1513-23-3-1/1636

айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 20 мамыр-9 маусым қоса алғанда 6 678 теңге көлеміндегі (318 000 теңге х 0,1% х 21 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Серик Куанышевич Шалабаевты («Alash GROUP») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганове Б. А., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.08.2023, судья Жусупов А. М., 07.09.2023

1513-23-3-1/1636

Дара кәсіпкер Серик Куанышевич Шалабаевтан («Alash GROUP») мемлекет пайдасына 6 678 (алты мың алты жүз жетпіс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Серик Куанышевич Шалабаевтан («Alash GROUP») жергілікті бюджет пайдасына 1 925 (бір мың тоғыз жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 28.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.08.2023, судья Жусупов А. М., 07.09.2023